РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ГАЗЕТІ • РЕСПУБЛИКАНСКАЯ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННАЯ ГАЗЕТА

ҚАЗАҚСТАН ЭКОЛОГИЯСЫ
ЭКОЛОГИЯ КАЗАХСТАНА

№ 3 (094) 2025 ж., шілде-қыркүйек июль-сентябрь 2025 г.

WWW.IACOOS.KZ - WWW.ECOGOSFOND.KZ

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ – ТАЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ
ИНФОРМАЦИОННО-АНАЛИТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ

# ПОЛОЖЕНИЕ ПРИБЛИЖАЕТСЯ К ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КАТАСТРОФЕ — ПРЕЗИДЕНТ РК О КАСПИЙСКОМ МОРЕ

**Касым-Жомарт Токаев принял участие в саммите «ШОС плюс», в своей речи он также остановился на климатической повестке, передает агентство Kazinform со ссылкой на Акорду.**

— Сегодня в рамках столь представительного форума хочу обратить ваше внимание на очень деликатную, но серьезную тему. Эта плачевная ситуация вокруг Каспийского моря. Положение приближается к экологической катастрофе. Данная проблема могла бы стать приоритетом долгосрочных консультаций в рамках ШОС, поэтому сегодня мною было высказано предложение о создании Центра анализа водных проблем в Астане под эгидой ШОС. Недавно в Алматы с участием Генерального секретаря ООН был открыт Центр ООН по устойчивому развитию стран Центральной Азии и Афганистана. Это подтверждает нашу твердую приверженность принципам многосторонней дипломатии. Пользуясь возможностью, информирую всех партнеров о решении провести Региональный экологический саммит в Астане в апреле 2026 года в партнерстве с ООН, — сказал Касым-Жомарт Токаев.

В завершение Глава государства напомнил о том, что в следующем году будет отмечаться 25-летие Шанхайской Организации Сотрудничества.

— Уверен, что эта важная, знаковая веха даст старт Новой золотой эпохе, в которой ШОС непременно укрепит свою роль и позитивное влияние на решение самых крупных узловых вопросов современности, — резюмировал Касым-Жомарт Токаев.

Напомним, что Касым-Жомарт Токаев принял участие в саммите «ШОС плюс», проходящем под лозунгом «Претворение в жизнь многосторонности, обеспечение региональной безопасности и содействие устойчивому развитию». В ходе выступления, он затронул темы вооруженных конфликтов в мире и реформирования ООН. А также поддержал идею создания Банка развития ШОС.

*https://www.inform.kz/ru/*

# ҚАЗАҚСТАНДА 2026 ЖЫЛЫ ӨҢІРЛІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САММИТ ӨТЕДІ

**Астана БҰҰ агенттіктерімен бірге Өңірлік экологиялық саммитті қабылдайды, деп хабарлайды 24kz. Ордалы отырыс келесі жылдың сәуір айында өтеді. Бұл туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев хабарлады. Жиын климаттың өзгеруіне қарсы күрес бойынша бірлескен стратегия мен шешімдерді әзірлеуге арналған алаң ұсынады.**

Қазақстан ашық және сындарлы диалог үшін жағдай жасауға, сондай-ақ озық тәжірибе және инновациялармен алмасуға дайын. Айта кетейік, аймақта Арал теңізіндегі экологиялық дағдарыс пен Каспий теңізінің тартылуы сияқты өзекті мәселелер жетерлік. Осыған байланысты мемлекет басшысы өңірлік ықпалдастықты нығайтып, оған Біріккен ұлттар ұйымын белсенді түрде тартуды ұсынған болатын.

*https://24.kz/*

# ВСТРЕЧА МИНИСТРОВ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ВЕДОМСТВ СТРАН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ ПО УТВЕРЖДЕНИЮ КОНЦЕПЦИИ РЕГИОНАЛЬНОГО ЭКОЛОГИЧЕСКОГО САММИТА 2026

**1 августа 2025 года в г. Актау состоялась встреча министров экологических ведомств стран Центральной Азии по подготовке к Региональному экологическому саммиту - 2026.** В мероприятии приняли участие руководители природоохранных ведомств Таджикистана и Узбекистана, а также заместитель министра природных ресурсов, экологии и технического надзора Кыргызской Республики, представители международных организаций - Постоянный координатор ООН в Казахстане Саранго Раднарагча, Постоянный представитель ПРООН в Казахстане Катаржина Вавьерниа, директор Комитета по устойчивой энергетике ЕЭК ООН Дарио Лигутти.



С приветственным обращением к участникам выступил Президент COP29, Специальный представитель Президента Азербайджана по вопросам климата Мухтар Бабаев.

В ходе заседания была представлена и обсуждена обновленная Концепция Регионального экологического саммита 2026 года, а также проект Совместной декларации глав государств Центральной Азии о региональном сотрудничестве в области экологии и устойчивого развития. Участники обменялись предложениями и согласовали подходы к дальнейшей совместной работе.

Особое внимание было уделено формированию перечня региональных инициатив, которые могут войти в итоговую повестку Саммита. Они охватывают широкий круг направлений - от развития зелёных технологий и климатических инноваций до защиты биоразнообразия и восстановления экосистем, включая меры по сохранению Аральского моря.

Также обсуждались подходы к укреплению адаптации к изменению климата, эффективному управлению водными ресурсами, развитию циркулярной экономики и продвижению стандартов устойчивого развития.

В рамках встречи прошла Выставка зелёных стартапов участников Программы зелёной акселерации GCIP Kazakhstan. Были представлены инновационные проекты в области энергоэффективности, переработки отходов, рационального использования ресурсов и экологически чистых технологий, которые уже сегодня способны внести вклад в формирование «зелёной» экономики региона.

На встрече стороны подтвердили готовность к дальнейшему взаимодействию в подготовке к Региональному экологическому саммиту, который пройдёт в апреле 2026 года в Астане.

*https://www.gov.kz/*

# УТИЛЬ АЛЫМНАН ТҮСКЕН 8,5 МЛРД ТЕҢГЕ ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУҒА ЖҰМСАЛДЫ

**АСТАНА. KAZINFORM — «Жасыл даму» АҚ орман және жануарлар дүниесін қорғау ұйымдарының материалдық-техникалық базасын дамытуға 8,5 млрд теңгеден астам қаржы құйды. Бұл туралы Экология және табиғи ресурстар министрлігі хабарлайды.**

— 6,19 млрд теңгеден астам қаржы орман өртін ерте анықтау жүйесін жетілдіруге бағытталды. Қаражат «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы бөлінді, — делінген хабарламада. Заманауи бағдарламалық-аппараттық кешен еліміздің бірнеше өңірінде енгізілді:

- Ақмола облысында — «Куйбышев орман шаруашылығы», «Бұқпа орман шаруашылығы», «Аққөл орман шаруашылығы», «Краснобор орман шаруашылығы» және «Кеңес орман шаруашылығы».
- Астана қаласында — «Жасыл аймақ» мекемесі;
- Қостанай облысында — «Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы».

— Аталған жүйе орман жағдайын тұрақты бақылауға және өрт ошағын жедел анықтауға арналған. Ұйым өкілдері аталған технологияны енгізу өрт қаупі жоғары маусымда орман және дала өртінен келетін залалды айтарлықтай азайтуға мүмкіндік беретінін айтып отыр. Сонымен қатар, кәдеге жарату алымы қаражаты есебінен «Жасыл даму» АҚ табиғатты қорғау құрылымдарының материалдық-техникалық базасын дамытуға 2,41 млрд теңге бөлді. Қаражат техникалық регламентте белгіленген экологиялық талаптарға сай отандық техниканы сатып алуға жұмсалды. Ол жерде жол талғамайтын көліктер, өткізгіштігі жоғары жүк автомобильдері (оның ішінде рефрижератор-тушевоздар), сондай-ақ тіркемелі жабдығы бар дөңгелекті тракторлар кірді. Барлық техника жануарлар дүниесін қорғау, көбейту және пайдалану жұмыстарымен айналысатын арнайы ұйымдарға берілді, — дейді министрліктен.

Ақпаратта айтылғандай, «Жасыл даму» АҚ алдағы уақытта заманауи технологияны енгізу, инфрақұрылымды жаңғырту және қоршаған ортаның жағдайын жақсартуға бағытталған бағдарлама аясын кеңейтуді жоспарлап отыр.

*https://kaz.inform.kz*

# ҮКІМЕТ КАСПИЙ ТЕҢІЗІ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫН ДАМЫТУҒА ҚОМАҚТЫ ҚАРЖЫ БӨЛДІ



**АСТАНА, 13 шілде – Sputnik. Каспий теңізі ғылыми-зерттеу институтын одан әрі дамытуға үкімет резервінен қаражат бөлінді. Премьер-министр Олжас Бектенов тиісті қаулыға қол қойды, деп хабарлайды Sputnik Қазақстан.**

305 млн теңге «Қазақ Каспий теңізі ғылыми-зерттеу институты» комерциялық емес акционерлік қоғамының шотына аударылады. Институт Каспий теңізінің экологиялық мәселелерін зерттеу мақсатында құрылды. Атап айтқанда, ҒЗИ-дің қызмет аясына балық қорының көлемін бағалау, оларды сақтау әдістері мен технологияларын әзірлеу, ихтиофаунаны зерттеу, итбалықтардың жаппай қырылу себептерін анықтау және олардың популяциясын сақтау мәселелері кіреді.

Бұдан бөлек, теңіздің гидрологиялық үдерістерін зерттеуге және оның деңгейін бақылауға, климаттың өзгеруін және оның экожүйеге әсерін талдауға, судың сапасы, биологиялық алуантүрлілік және Каспий теңізінің қазақстандық бөлігі мен жағалауының өзге де параметрлері жөніндегі деректерді жинау мен талдауға бағытталған.

«Үкімет резервінен бөлінген қаражат институтты одан әрі дамытуға бағытталып, гидробиология және гидрохимия, гидрометеорология, спутниктік мониторинг зертханаларында ғылыми-зерттеу жұмыстарын уақтылы әрі тиімді жүргізуге, сондай-ақ институтқа жүктелген өзге де міндеттерді орындауға мүмкіндік береді», - деп жазылған хабарламада.

Айта кетері, Каспий теңізі бірегей экожүйе және су биоресурстарының аса маңызды көзі, сондай-ақ батыс өңірлер мен жалпы еліміздің тұрақты дамуына үлкен үлес қосады. Каспий теңізінің Қазақстан тарапындағы жағалауының ұзындығы 2320 шақырым, бұл барлық Каспиймаңы мемлекеттері арасындағы ең ұзын жағалау сызығы.

*https://sputnik.kz/*

# ҮКІМЕТ «МАҢҒЫСТАУ» ТУРИСТІК АЙМАҒЫН ДАМЫТУДЫҢ БЕС ЖЫЛДЫҚ КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫН БЕКІТТІ

**Ақтау. 5 тамыз. ҚазТАГ – Үкімет «Маңғыстау» туристік аймағын дамытудың бес жылдық кешенді жоспарын бекітті, деп хабарлайды премьер-министрдің баспасөз қызметі.**

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Маңғыстау облысындағы туризмді дамыту жөніндегі тапсырмаларын іске асыру шеңберінде Үкімет 2025–2029 жылдарға арналған «Маңғыстау» туристік аймағын дамыту бойынша кешенді жоспарды бекітті. Құжатқа премьер-министр Олжас Бектенов қол қойды. Жоспар аясында саланың тоғыз бағыты бойынша жүйелі мәселелерді шешу көзделген. Олардың қатарында инфрақұрылымды дамыту, логистика, цифрландыру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, кадр даярлау, инвестициялық жобаларды ілгерілету және басқа да бағыттар бар. Жоспарды жүзеге асыру кезеңінде 100-ден астам іс-шара өткізу жоспарланған», – делінген сейсенбідегі хабарламада.



Өңірдегі туризмді дамытудың 12 перспективалық нысанының ішінде Кендірлі туристік аймағы негізгі бағыттардың бірі ретінде бөлініп отыр. «Инфрақұрылымдық мәселелерді шешу бойынша кешенді шаралар жүзеге асырылады. Атап айтқанда, инженерлік желілер тартылып, туристік нысандар электр энергиясымен, сумен және көлікпен қамтамасыз етіледі. Жолдар мен басқа да нысандарды жаңғыртумен қатар, Кендірлі ауылында әуежай салынады. Бұл ретте инвесторлар мен экобелсенділердің ұсыныстары ескерілді», – деп атап өтті Үкіметте.

Ақтау қаласында халықаралық деңгейдегі теңіз вокзалы мен стадион салу жоспарланып отыр. «Сонымен қатар, өңірде туризмді танымал ету мақсатында мәдени және спорттық іс-шаралар өткізу көзделген. Кешенді жоспар туристер үшін қолайлы жағдай жасап, туристік аймақты одан әрі дамытуға қолайлы инвестициялық климат қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, шағын және орта бизнес те серпін алады, оған арнап «Каспий» ӘКК» АҚ желісі бойынша туризм саласында жеңілдікпен несиелеу бағдарламасы іске қосылады», – делінген хабарламада.

Кешенді жоспарды жүзеге асыру нәтижесінде 2029 жылға қарай ішкі туристер саны 430 мыңнан 520 мың адамға, кірмелік туристер саны 89 мыңнан 143 мың адамға дейін артады деп болжануда. «Туризм саласында жұмыс істейтін халық саны 1,7 мыңнан 2,7 мың адамға дейін көбейеді, жеке инвестициялар көлемі Т198,9 млрд-қа жетеді, ал өңір экономикасындағы туризм үлесі 2,2%-дан 3,6%-ға дейін өседі», – деп күтіледі үкіметте.

*https://kaztag.kz/*

# ПОЧЕМУ С 13 АВГУСТА ЗАПРЕЩАЕТСЯ РЫБОЛОВСТВО НА ЗАКРЕПЛЕННЫХ ВОДОЕМАХ: ВАМ ТУТ НЕ СЕРВИТУТ



**13 августа 2025 года вступает в силу закон «Об аквакультуре». Для рыбных хозяйств это хорошая новость, поскольку государство обещает им предоставлять субсидии. А вот рыболовов-любителей ждут новые ограничения, так как рыбалка на закрепленных водоемах может быть запрещена, пишет Zakon.kz.**

До сих пор рыбные хозяйства – промысловики, за которыми закреплены водоемы или их участки, обязаны были:

«Предоставить сервитут для осуществления... любительского (спортивного) рыболовства – физическим лицам» Пп. 11) пункта 2 статьи 27 Закона «Об охране, воспроизводстве и использовании животного мира».

Сервитут – это, напомним, право лиц на ограниченное целевое пользование чужим земельным участком. Т.е. любители вправе рыбачить (разумеется, с оплатой путевки) в акватории рыбных хозяйств, и владельцы последних воспрепятствовать этому не могут. Однако с вступлением в силу нового закона это правило кардинально меняется. Теперь владелец участка – субъект аквакультуры – будет вправе, но не обязан позволять рыбачить любителям. А далее объясняем подробно. И в первую очередь – что это за субъект.

Прежде все рыбные хозяйства имели одинаковый статус. Независимо от того, каким именно видом хозяйственной деятельности они занимались, рыбоводством или исключительно рыболовством, это подпадало под один и тот же вид специального пользования животным миром – рыболовство (согласно пп. 26) статьи 1 и пп. 2) статьи 24 Закона РК «Об охране, воспроизводстве и использовании животного мира»). Это значит, что для промыслового лова рыбных ресурсов и других водных животных требовалось получить разрешение – за плату, разумеется, и на определенный срок. Однако Казахстан решил развивать аквакультуру – «искусственное воспроизводство и культивирование рыбных ресурсов и других водных животных», для чего и принял соответствующий закон, которой вводится в действие 13 августа 2025 года. И теперь те рыбные хозяйства, деятельность которых можно подвести под аквакультуру, поднимаются в статусе: они будут считаться не пользователями животного мира, а субъектами аквакультуры.

В статье 8 Закона РК «Об аквакультуре» перечисляются разновидности бизнеса, которые эти субъекты могут вести. Это (не возбраняется заниматься сразу несколькими):

- озерно-товарная хозяйственная деятельность, связанная с разведением и (или) содержанием, выращиванием рыб в обособленных рыбохозяйственных водоемах путем полной или частичной замены их ихтиофауны;
- садковая хозяйственная деятельность, связанная с разведением и (или) содержанием, выращиванием рыб в полувольных контролируемых условиях в специальных устройствах (садках), расположенных на акватории рыбохозяйственных водоемов и (или) участков;
- прудовая хозяйственная деятельность, связанная с разведением и (или) содержанием, выращиванием объектов аквакультуры с использованием рыбоводных прудов и (или) рыбоводных бассейнов;
- индустриальная хозяйственная деятельность, связанная с разведением и (или) содержанием, выращиванием объектов аквакультуры с использованием рыбоводных бассейнов и применением установки замкнутого водоснабжения;
- воспроизводственная хозяйственная деятельность, связанная с разведением и (или) содержанием, выращиванием объектов аквакультуры в целях получения их молоди путем оплодотворения, инкубации икры, а также подращивания молоди объектов аквакультуры в искусственно созданных условиях.

Отныне не им придется платить государству, а наоборот. Субъектов, развивающих аквакультуру, обещают активно субсидировать. Мало того, им предоставляются: кредитование, страхование, специальный налоговый режим и иные налоговые льготы, а также обеспечение инженерно-коммуникационной инфраструктурой и «иные меры» господдержки (статья 17 Закона). Для наглядности приведем пример.

Некое ТОО или ИП получили разрешение на пользование животным миром – рыболовство – на определенном водоеме сроком до 49 лет (предельный срок согласно пп. 2) пункта 2 статьи 25 Закона «Об охране, воспроизводстве и использовании животного мира»). Если они лишь ловом и ограничатся, останутся просто пользователями животного мира. А вот если вдобавок установят садки для «выращивания рыб в полувольных контролируемых условиях» или «частично заменят ихтиофауну в обособленном рыбохозяйственном водоеме» (озере), это будет считаться уже аквакультурой, а они – ее субъектами. Со всеми вытекающими: субсидиями, льготами и прочим. Но в том числе и с новым правом, которое закреплено в пункте 5 статьи 9 Закона РК «Об аквакультуре»:«На закрепленных рыбохозяйственных водоемах и (или) участках, в том числе в пределах водоохранных полос, предоставленных для осуществления озерно-товарной и (или) садковой хозяйственной деятельности, запрещаются... любительское (спортивное) рыболовство, за исключением случаев, предусмотренных пунктом 5 статьи 14 настоящего Закона».

Растолковываем: пункт 5 статьи 14 дает право субъектам аквакультуры организовывать любительское (спортивное) рыболовство. По своему усмотрению. Захотят – пустят на ранее общедоступные берега. Но вправе и запретить доступ без объяснения причин.

*https://www.zakon.kz/*

# «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ЕЛОРДАДА ЖАҢА БУЫНҒА АРНАЛҒАН ZARA'S PLANET ЭКОКВЕСТІ ӨТТІ



**Ауқымды «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында Астанада балаларды, ата-аналарды және еріктілерді экологиялық ойлау мен технологиялық кәсіпкерлік идеяларының айналасына біріктірген ерекше экоквест ұйымдастырылды, деп хабарлайды Астана қаласы әкімдігінің ресми сайты.** Іс-шара Arsenal COO-да қала әкімдігінің қолдауымен өтті. Ұйымдастырушысы – экология мен технологияның түйіскен тұсында білім беру жобаларын дамытып жүрген Global Green Hub компаниясы. Іс-шараның басты кейіпкерлері – балалар. Олар тек ойынға қатысып қана қоймай, экоинженерлер сияқты ойлануға, экологиялық мәселелерді шешуге және өз идеяларын ұсынуға машықтанды. Қатысушылар Зара, Мо және T9 есімді кейіпкерлермен бірге квесттен өтуі қажет. Әр кезең баланың сыни, креативті және экологиялық ойлауын





дамытуға бағытталған. «Бүгінде балалар сұрыптау жүйесін және тұрақты дамудың негізгі ұстанымдарын тереңірек түсіне бастады. Бізде арнайы термин бар – экотехноойлау. Бұл – экологияны, технологияны және психологияны біріктірген авторлық ұғым.

Мақсатымыз – өз экожобаларын жасап, іске асырудан қорықпайтын жаңа буынды тәрбиелеу», – деді Global Green Hub негізін қалаушы Әсел Сейфуллина. Ұйымдастырушылардың айтуынша, олар алдарына биік мақсат қойып отыр: кеңінен ойлай алатын, дәл әрекет ете білетін, елін жақсы жаққа өзгертетін саналы жаңа буынды тәрбиелеу.

Іс-шараға қатысқан кішкентай Дәулет пен Алина болашаққа сеніммен қарайды.

«Менің жасым бесте. Экороботтехника курсына барамын. Маған жобалау ұнайды, энергия көздері туралы білемін. Өскенде экоинженер боламын», – деді Дәулет. «Мен бір жоба дайындадым – бөлмедегі ауаның тазалығын көрсететін гүл. Бұл жоба байқауға қатысуға көмектесті. Балалар үшін осындай экожобалар жасай алатын орындар көп болса екен деймін», – деді Алина. Экологиялық шараны «Астана жастары» Жастар ресурстық орталығының еріктілері қолдады.

«Мұндай шаралар табиғатты аялауға, қоқысты сұрыптауға, ағаш отырғызуға және жай ғана жауапты адам болуға үйретеді. Бұл – тазалықтың денсаулық пен өзіңе, айналаңа деген құрмет екенін еске салатын жақсы мүмкіндік», – деді ерікті Асыл Ерғалиева.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мемлекет қолдауының, ата-аналар мен балалардың азаматтық белсенділігінің арқасында Қазақстан экологиялық ойлауды дамытуда көшбасшы елге айнала алады.

*https://www.gov.kz/*

# 9 МИЛЛИОНОВ ТЕНГЕ ПОЛУЧАТ ПОБЕДИТЕЛИ КОНКУРСА ECOSUMMER 2025 В КАЗАХСТАНЕ

**В Казахстане стартовал конкурс экологических инициатив EcoSummer 2025, организованный Ассоциацией переработчиков вторичного сырья при поддержке АО «Жасыл даму».**




В конкурсе можно принять участие до 10 октября 2025 года включительно. По словам организаторов, решение п родлить прием заявок было принято в связи с высоким интересом со стороны участников. Конкурс направлен на поддержку проектов в сфере переработки отходов, развитие культуры раздельного сбора, популяризацию устойчивых экологических решений и повышение экологической грамотности среди населения, бизнеса и молодежи.

Как отмечает руководитель Ассоциации переработчиков вторичного сырья Казахстана Батырбек Аубакиров, конкурс проводится в рамках кампании «Таза Қазақстан». «Мы хотим внести свой вклад, показав, как работает удобное мобильное приложение EcoQolday. С его помощью и жители, и предприниматели могут легко сдавать вторсырье. Мы предложили эту идею Банку ЦентрКредит и АО «Жасыл даму» и получили поддержку. Осталось самое простое – присоединиться к конкурсу и побороться за денежные призы», - рассказал Батырбек Аубакиров.

Конкурс проходит в четырех номинациях:

- для детей до 18 лет предусмотрена категория «Юный Эко-Амбассадор»;
- для взрослых «Эко-Гражданин Казахстана»;
- компании, занимающиеся сбором или переработкой отходов, участвуют в категории «Эко-Бизнес».

«Цифровой Эко-Голос» проводится в Instagram, Facebook и TikTok. Победители этой категории определяются по количеству лайков до 30 сентября. Участникам нужно отметить профили @recycleheroes2024 и @zhasyl_damu, использовать хештег #EcoSummer2025. Для категорий, связанных с физическим сбором вторсырья, обязательно использование мобильного приложения EcoQolday, через которое нужно зарегистрировать и сдать отходы.

Основной критерий – наибольший объем собранных перерабатываемых отходов. Они должны быть чистыми, сухими и пригодными для переработки, а также сданы через мобильное приложение EcoQolday.

По каждой из четырёх номинаций предусмотрены денежные призы. В категориях «Эко-Бизнес» и «Цифровой Эко-Голос» победители получат по 1 250 000 тенге, за второе место предусмотрено 1 000 000 тенге, а за третье - 750 000 тенге.

В категориях «Юный Эко-Амбассадор» и «Эко-Гражданин Казахстана» призы распределяются следующим образом: 750 000 тенге за первое место, 500 000 тенге - за второе и 250 000 тенге - за третье.

Общий призовой фонд составляет 9 000 000 тенге.

Чтобы подать заявку, необходимо направить письмо на почту info@kzpack.kz, указать номинацию, Ф. И. О. (или наименование компании), контактные данные и адрес, а также ссылки на соцсети – для участников в категории «Цифровой Эко-Голос».

*https://tengrinews.kz/*

# В ПЕТРОПАВЛОВСКЕ ПРОШЁЛ ЭКО-ПИКНИК КО ДНЮ МОЛОДЁЖИ



В преддверии Международного дня молодёжи и 30-летия Конституции Республики Казахстан в Северо-Казахстанской области прошёл необычный и яркий эко-пикник, который собрал активную и неравнодушную молодёжь региона на территории Qyzyljar Creative Center, сообщает Social Media. Мероприятие стало не просто праздничной встречей, а настоящей площадкой для обмена идеями, вдохновения и формирования ответственного отношения к окружающей среде. Организаторами события выступили отдел молодёжных инициатив Центра общественного развития и информации, фронт-офис волонтёрства «Birgemiz» и общественное объединение «Штаб JE SKO». Их усилиями программа превратилась в насыщенный микс спорта, творчества и экопросвещения, где каждая активность была продумана так, чтобы сочетать полезное с интересным.

Праздник начался с двух тематических локаций. На первой участники погрузились в творческую атмосферу, участвуя в мастер-классе по росписи эко-сумок. Здесь фантазии не было предела: яркие рисунки, необычные надписи и символы стали отражением личного отношения молодёжи к экологии. На второй локации прошла спортивно-экологическая эстафета, в которой команды соревновались не только в скорости и ловкости, но и в знаниях об охране природы и положениях Конституции РК.

Программа включала и другие активности: спортивные игры, эко-викторину, квесты, командные задания и, конечно, пикник на свежем воздухе с использованием экологичной посуды. Участники угощались лёгкими и полезными закусками, общались, заводили новые знакомства и делились впечатлениями. Особое внимание организаторы уделили главной идее мероприятия — показать, что забота об экологии не является разовой акцией, а представляет собой постоянный и важный элемент гражданской позиции. Конституция Казахстана гарантирует каждому право на благоприятную окружающую среду, и молодёжь, по словам участников, осознаёт свою



роль в сохранении природы для будущих поколений.

Руководитель отдела молодёжных инициатив и фронт-офиса волонтёрства «Birgemiz» СКО Анастасия Волкова отметила, что экология – это не только переработка отходов и уборка мусора, но и знания, привычки и осознанность, которые необходимо формировать вместе. По её словам, подобные мероприятия помогают совместить отдых с познавательными и полезными делами, создавая у молодёжи устойчивое понимание важности экологической культуры.

Завершился праздник в атмосфере дружбы и вдохновения. Участники разошлись с чувством причастности к общему делу и верой в то, что каждый маленький шаг в сторону бережного отношения к природе способен стать частью большого пути к чистому и зелёному будущему Казахстана.

*https://sm1.kz/*

# ҚОСТАНАЙДА ЭКОКВЕСТ ПЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ШАТЫРЛЫ ЛАГЕРЬ ӨТТІ

**Ел Президенті Қ.Тоқаевтың бастамасымен 2024 жылдың сәуір айының басында іске қосылған «Таза Қазақстан» бағдарламасын қостанайлықтар ауқымды түрде қолдауды жалғастыруда, деп хабарлайды BAQ.KZ.**





Бұл бастаманың мақсаты – халықтың экологиялық хабардарлығын арттыру және облыстың әртүрлі аймақтарындағы қоршаған ортаны жақсарту. Бағдарлама аясында өңірде қазірдің өзінде аумақтарды тазарту және абаттандыру, қалдықтарды жинау және қайта өңдеу бойынша креативті ауқымды іс-шаралар, сондай-ақ азаматтардың экологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталған ағарту жұмыстары – акция, дөңгелек үстел, семинарлар ұйымдастырылып жатыр. Бағдарламаны жүзеге асыруда жергілікті кәсіпорындар және қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастық маңызды рөл атқарады. Іс-шараларға бизнес-қауымдастық, жастар, спортшылар мен этномәдени бірлестік өкілдері белсенді қатысуда.

Рудный қаласындағы Алексеев археологиялық кешені аумағында «Жастар еңбек жасағы» мүшелерінің қатысуымен экологиялық квест өтті. Іс-шараның мақсаты – тарихи-мәдени мұра нысандарын сақтау, жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және туған өлкенің табиғатына ұқыпты карауға тәрбиелеу. Квест барысында қатысушылар кешен аумағын тазарту жұмыстарын жүргізді.

Жиналған қоқыс сұрыпталып, экологиялық нормаларға сәйкес шығарылды. Тазалық жұмыстарынан кейін жастар үшін танымдық экологиялық жорық ұйымдастырылды. Бағдарлама аясында табиғатты қорғау мен тарихи орындарды сақтау маңыздылығы жөнінде түсіндіру әңгімесі өткізілді. Іс-шара соңында белсенді қатысушылар алғыс хаттармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Қостанай ауданында 3 күндік экологиялық шатырлы лагерь өтті. 2025 жылғы 10–12 тамыз аралығында Familypark аумағында 12–16 жастағы жасөспірімдерге арналған 3 күндік экологиялық шатырлы лагерь өтті. Лагерьді «Жанашыр бол» қоғамдық қоры Қостанай ауданы әкімі аппаратының ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында ұйымдастырды. Лагерьдің мақсаты – жасөспірімдердің экологиялық сауаттылығын арттыру, табиғатпен ұқыпты қарым-қатынас жасау дағдыларын, командалық жұмыс пен көшбасшылық қасиеттерін дамыту. Бағдарлама аясында шеберлік сабақтары, экосоқпақ бойымен экскурсиялар, шығармашылық байқаулар және спорттық жарыстар өткізілді. Қатысушылар туризм, бағдарлау, ара шаруашылығы, экожобалау негіздерін үйреніп, актер, фотограф және блогер рөлдерін де байқап көрді. Лагерьдің жабылу салтанатында белсенді қатысушыларға грамоталар мен естелік дипломдар табыс етілді. Ұйымдастырушылар іс-шараның қызықты әрі қауіпсіз өтуіне үлес қосқан барлық спикерлерге, нұсқаушыларға және еріктілерге алғыс білдірді.

*https://baq.kz/qostanay*



**8 тамызда Финляндия астанасы Хельсинкиде өтіп жатқан халықаралық кинологиялық федерация (FCI) эгидасы аясындағы World Dog Show 2025 дүниежүзілік иттер көрмесінде «Қазақ тазысы» ит тұқымы ресми түрде әлемге таныстырылды.**

# ҚАЗАҚ ТАЗЫЛАРЫ ХЕЛЬСИНКИДЕГІ WDS 2025 ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ИТТЕР КӨРМЕСІНДЕ РЕСМИ ТҮРДЕ АЛҒАШ РЕТ ӘЛЕМГЕ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Дүниежүзілік іс-шараға Қазақстан делегациясы қатаң талап бойынша іріктелген әрі халықаралық деңгейде өнер көрсетуге барынша үйретілген 8 тазыны апарған болатын. Әлемнің әр түкпірінен келген 25 000 үздік иттің ішінде қазақ тазылары FCI ұйымында тіркелген дербес ит тұқымы ретінде тұңғыш рет жұрт назарына ұсынылып отыр. Қазақтың төл ит тұқымдары алғашқы сайыста айтарлықтай маңызды нәтижеге қол жеткізді: 5 тазы өздерінің рингтерінде жүлделі орындарды жеңіп алды. «2025 жылғы Әлемнің жас чемпионы» аталымында Темірлан атты тазы жеңімпаз болды, Лашын - «Әлем чемпионы», Ару атты тағы бір тазы - «Әлем чемпионы», Көксерек пен Пана - «Әлемнің вице-чемпиондары» атанды.

Бұған қоса, Лашын мен Ару Финляндия чемпиондары ретінде марапатталды.

Қазақстанның таныстырылымы көрме қатысушылары мен қонақтарының қызығушылығын тудырды. Ұлттық атрибуттары бар жартылай орда түріндегі павильон іс-шарадағы көзге көбірек түскен алаңдардың біріне айналды. Қонақтар Қазақстаннан келген иттермен суретке түсіп, оның сыртқы сипатындағы ерекшеліктерімен, тарихымен, ерекше қасиеттерімен танысты.

Қазақстан кинологтары одағының тазының шығу тегі, қасиеттері туралы баяндады, халқымыз оны неліктен жақсы көретінін және қадірлейтінін түсіндірді, ол біздің ұлттық байлығымыз, халқымыздың жеті қазынасының бірі саналатынын жеткізді. Қазақы тазыны сақтау және таныту жөніндегі жұмыстар Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, 2022 жылдың тамыз айынан бері ҚР Президенті Іс басқармасының жетекшілігімен жүргізіліп келеді. Үш жылда Қазақстан кинологтары одағымен бірлесіп, осы бағытта ауқымды жұмыс атқарылды: 2023 жылы тамыз айында Қазақстан кинологтары одағы FCI-дың толыққұқылы мүшелігіне өтіп, ұлттық ит тұқымдарын халықаралық аренада таныстыру құқына ие болды. 2024 жылы мамырда Астанада өткен монотұқымды иттер көрмесі кезінде FCI комиссиясы 100 тазыны зерттеді.

2024 жылы 3 қыркүйекте Амстердамда «қазақы тазы» тұқымын әдепкі тану туралы шешім шығып, Қазақстанға оның толыққанды иесі деген мәртебе берілді.

Тазы тұқымын дамыту, халықаралық сайыстарға белсенді түрде қатыстыру сынды шарттар орындалған жағдайда 2034 жылға қарай оны толықтай тану туралы шешім шығуға тиіс. World Dog Show 2025 көрмесіне қатысып, Хельсинкиде тазыларды ресми түрде жұрт назарына ұсыну осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі болды.

*https://www.gov.kz/*

# ҚАТОН-ҚАРАҒАЙ ҰЛТТЫҚ ПАРКІНЕ КІРУГЕ УАҚЫТША ШЕКТЕУ ҚОЙЫЛДЫ



Қатон-Қарағай ұлттық паркіне туристердің кіруіне уақытша шектеу қойылды. Орманды жерлерде серуендеуге болмайды. Өңірде қазір аптап ыстық. Одан бөлек тау бөктерінде найзағай ойнап, 5-санатты өрт қаупі жарияланды.

Сондықтан табиғат қорғаушылар сақтық шараларын күшейтті. Сәуірден бері облыста 19 орман өрті тіркелген. Барлығы да дер кезінде сөндірілді дейді мамандар. Жалпы жасыл желекті тілсіз жаудан сақтау мақсатында 52 мобильді топ жұмылдырылды.

Қайрат Мейрембеков, ШҚО аумақтық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі инспекциясының басшысы:

- Күштер мен құрылымдар дайындыққа келтірілді. Халықты хабардар ету күшейтілді. Мемлекеттік орман қоры аумағында тәулік бойы патрульдерін ұйымдастыру күшейтілді. Өрт қауіпсіздігі жоғары 4-5 санаттағы ормандарда және табиғатты қорғау мекемелерінде тәулік бойы кезекшілік белгіленді.

*https://24.kz/kz/zha-aly*

# НОВЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПРИРОДНЫЙ ПАРК СОЗДАН В ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ



**Тараз. 21 августа. KAZAKHSTAN TODAY - В Жамбылской области создан новый региональный государственный природный парк «Мерке».** Соответствующее постановление было принято Правительством РК, сообщили в пресс-службе Комитета лесного хозяйства и животного мира. «Парк получил статус особо охраняемой природной территории и направлен на сохранение уникальных экосистем предгорной и горной зоны Западного Тянь-Шаня, охватывая площадь 86 632 гектара», - проинформировали в Комитете.

Сообщается, что в природном парке «Мерке» обитают редкие виды животных, занесенные в Красную книгу Казахстана, включая снежного барса, архара, индийского дикобраза и туркестанскую рысь. «Парк был создан в результате многолетнего совместного труда государственных органов, научных учреждений, местных сообществ и международных партнеров, включая Программу развития ООН (ПРООН)», - отметили в пресс-службе. По словам председателя Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства экологии и природных ресурсов Данияра Тургамбаева, региональный государственный природный парк «Мерке» является важным шагом на пути к эффективному управлению природными ресурсами и сохранению экосистем. Парк открывает возможности для развития экотуризма, экологического образования и широкого вовлечения населения в устойчивое природопользование. В дальнейшем планируется развитие инфраструктуры, создание новых рабочих мест и реализация научно-просветительских программ.

*https://www.kt.kz/rus/*

# КИІКТЕРДІ ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА БЕРУГЕ ҚАТЫСТЫ



**Ағымдағы жылдың 22 шілдесінде Өзбекстан Республикасы Экология, қоршаған ортаны қорғау және климаттың өзгеруі министрлігінің ресми ресурсында Өзбекстан мен Қазақстан арасында киікті сақтау саласындағы өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қоюға дайындық жүріп жатқаны туралы хабарланған.**

«Меморандум жобасы жұмыс тәртібімен Қазақстан тарапына ұсынылды және қазіргі уақытта қаралу сатысында тұр.

Осы мәселенің табиғатты қорғау маңыздылығын ескере отырып, Меморандумның мазмұны екі елдің жауапты ғылыми мекемелері мен уәкілетті мемлекеттік органдарын тарта отырып, пысықтауды талап ететінін атап өткен жөн.

Сонымен қатар, жануарлар дүниесі өкілдерін беру, сондай-ақ меморандум жасасу мәселелері мемлекетаралық санатқа жатады және тиісті деңгейде шешім қабылдауды талап етеді.

*https://www.gov.kz/memleket*

# РАСТЕНИЕ-ПАРАЗИТ: В АЛАКОЛЬСКОМ ЗАПОВЕДНИКЕ ОБНАРУЖИЛИ НОВЫЙ ВИД



**Специалисты обнаружили в Алакольском заповеднике редкое паразитическое растение - солончаковая цистанха, ранее малоизученная в этом регионе, передает Tengri Travel.**

Это яркое и необычное растение относится к числу паразитических видов и удивляет своей формой и способом существования. Цистанха не имеет зеленых листьев и живет за счет других растений, в основном саксаула и различных видов сосны.

Несмотря на свою паразитическую природу, она давно известна в народной медицине - экстракты из цистанхи раньше применяли для лечения заболеваний крови и желудочно-кишечных инфекций.

«На территории заповедника был обнаружен новый вид растения», - написала в своей публикации в Instagram администрация заповедника. Растение имеет толстый мясистый стебель, покрытый чешуйчатыми листьями, а его венчики могут достигать 25 сантиметров в длину. Цветки цистанхи особенно красивы - трубчато-колокольчатые, с белыми трубками и фиолетовыми краями, что делает ее заметной среди пустынной растительности. Цветет в апреле-мае и плодоносит в мае-июне. Биологи отмечают, что, хотя по форме цистанха может напоминать представителей семейства осоковых, систематически она к ним не относится и принадлежит к совсем другой группе растений.

*https://tengrinews.kz/*

# СИРЕК КАДРЛАР: АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ҚАРАҚҰЙРЫҚТАР ФОТОТҰЗАҚҚА ТҮСІП ҚАЛДЫ

**Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағында ҚР Қызыл кітабына енгізілген қарақұйрықтар (Gazella subgutturosa) фототұзаққа түсіп қалды, - деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі.**



«Қарақұйрық - Қазақстанның шөлейт және шөлді аймақтарында кездесетін, саны күрт азайып кеткен тұяқты жануар. Сондықтан оларды қорғау - баршамыздың ортақ міндетіміз. Шарын ұлттық паркі - мұндай сирек түрлердің сақталып, көбеюіне қолайлы жағдай жасап отырған бірегей табиғи аймақ. Осындай ғажайып сәттер табиғаттың қаншалықты бай әрі нәзік екенін еске салады», - делінген хабарламада.

*https://kaz.tengrinews.kz/*



**2024 жылы BAQ.KZ тілшісі Қазақстан волонтерларымен бірге Арал теңізінің құрғаған табанына барып, сексеуіл көшеттерін егу жұмысына атсалысқан болатын. Бүгінде ол көшеттер қаншалықты жерсінді және сексеуіл отырғызу Арал аймағын экологиялық апаттан қалай құтқарады, сарапшылардан сұрап көрдік.**

# СЕКСЕУІЛ АРАЛДЫҢ ҚҰРҒАҒАН ТАБАНЫН ЭКОАПАТТАН ҚҰТҚАРА АЛА МА?

*Волонтерлар еккен сексеуіл көшеттері жерсінді ме?*

2024 жылы наурызда Қазақстан волонтерлары алғаш рет Қазалы қаласынан 6 сағат жол жүріп, Арал теңізінің құрғаған табанына барып, сексеуіл көшеттерін отырғызды. Себебі сексеуіл – құм көшкінін тоқтататын, шөл және шөлейт аймақтарда экожүйені сақтауға көмектесетін өте маңызды өсімдік. Зерттеулерге сәйкес, бір сексеуілдің орташа бұтасы тамыры арқылы 4 тоннаға дейінгі құм мен тұзды ұстап тұруға қауқарлы. Аталған орман отырғызу жұмыстары кезінде еріктілерден құрылған топ жоспарланған 10 мың түп сексеуіл көшетінің 5100 данасын отырғызды.

Сол кезде Халықаралық Аралды құтқару қоры сарапшысы Мария Заднепровская өсімдіктің қанша пайызы жерсініп кететінін шамалаған еді.аймақтың экожүйесінде өз орнын алмақ. «Әдетте Аралдың құрғаған табанында механикалық әдіспен егілген сексеуілдің жерсінуі 30 пайызды құрайды. Бірақ біздің жағдайда сексеуіл көшеттері қолмен салынғандықтан, жерсініп, өсіп кететіндері 50 пайыздан асуы мүмкін», - деп топшылады

Алайда күзгі орман санақ жұмыстары кезінде отырғызылған сексеуіл көшетінің 38,8 пайызы жерсінгені анықталды. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі мәліметінше, 2024 жылы көктемгі орман отырғызу кезінде Арал теңізінің құрғаған табанына жалпы аумағы 65 мың гектарға сексеуіл көшетін отырғызу жұмыстары жүргізілді. Арал теңізінің құрғаған түбінің жалпы ауданы шамамен 6 млн гектарды құраса, оның ішінде Қазақстанға Арал теңізінің құрғаған ұлтанының 2,8 млн гектары кіреді.

*«Сексеуіл егуді тоқтатпау керек»*

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Бұлқайыр Тасқайырұлы сексеуіл Арал теңізінің құрғаған табанындағы микроклиматқа қалай әсер ететінін айтты. «Егер сексеуіл өсіп кетсе, оның жел жылдамдығын бәсеңдететін қасиеті бар. Сол арқылы қар тоқтап, ылғал жиналып, микроклимат аздап өзгере бастайды. Температура 2–3 градусқа болса да төмендеп, жағымды әсер етеді. Ал ең бастысы сексеуіл құмның ұшуын тоқтатады. Желдің жылдамдығы азаяды ғой, демек құм ұшпайды. Құм ұшпаған соң эрозия, қатты дауылдар болмайды», - деп түсіндірді профессор. «Жақсы жылдары, жауын-шашын жеткілікті болған кезде 50%-ға дейін өсіп кететін жағдайлар бар. Бірақ бұл – тұрақты емес. Сондықтан жыл сайын еккен сексеуілдің жартысынан көбі өспей қалуы мүмкін», - деді Бұлқайыр Тасқайырұлы.

Маман жауын-шашын аз болған жылдары сексеуілді егу нәтижесі нөлге шығуы да мүмкін екенін атады. Бірақ соған қарамастан сексеуілді отырғызу жұмыстарын тоқтатуға болмайтынын айтты. Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің профессоры Талғат Кертешев Арал теңізінің құрғаған табанында топырақ түзілу процесі әлі де жүріп жатқанын айтады. Ол да өз кезегінде сексеуілдің жерсінуіне әсер етеді. «Аралдың құрғаған табанында топырақ түзілу процесі әлі жүріп жатыр. Тұзы мол, сортаң жерлерде сексеуіл өсіп кетпейді. Сондықтан тек құмды жерлерді анықтап, дәл сол жерлерге сексеуілді отырғызу қажет. Әйтпесе жай ғана тұқым сеуіп, нәтижесіз әрекеттерге жол беріп алуымыз мүмкін», - деді Кертешев.

Дегенмен сексеуіл егу – Арал теңізінің құрғаған табанын экологиялық апаттан құтқарудың жалғыз жолы. Ол бірден нәтиже бермесе де, ұзақ мерзімде құм мен тұзды ұстап тұрып, жел эрозиясын азайтып, табиғи тепе-теңдікті қалпына келтіруге көмектеседі. Мамандардың пікірінше, бұл – тоқтаусыз әрі ғылыми негізделген тәсілмен жүргізілуі тиіс жүйелі жұмыс. Сондықтан сексеуіл егу экологияны қалпына келтіруге бағытталған маңызды бастамалардың бірі болып қала береді.

*https://baq.kz/sekseuil*

# МЕЖДУ ОЗЕРАМИ КОЛЬСАЙ ПЛАНИРУЮТ ЗАПУСТИТЬ ФУНИКУЛЕРЫ

К 2028 году в Алматинской области планируется запустить фуникулёры между озерами Кольсай, построить стеклянный мост в Черном каньоне, расширить курорт Oi-Qaragai, открыть аквапарк, а также создать гостиничный кластер в Конаеве, сообщили в пресс-службе акимата области. В области также ведут работу над запуском «Автодрома Sokol», спортивного комплекса ASP Arena, экспедиционного проекта «Алатау аманаты» и визит-центров в нацпарках «Шарын» и «Іле-Алатау».

Курорт Oi-Qaragai будет расширен со 105 до 1000 гектаров. В инфраструктуру парков «Көлсай көлдері» и «Іле-Алатау» будет направлено 170 млн тенге инвестиций.

Также планируются многочисленные туристические и инфраструктурные проекты в раках проекта Алматинского горного кластера. Его в 2022 году поручил разработать президент Касым-Жомарт Токаев. На публичное обсуждение документ



вынесли только в феврале этого года. Из документа стало известно, что планируется масштабное строительство канатных дорог и трасс для лыжных катаний, а также коммерческой инфраструктуры.

В плане перечислены канатные дороги «Пик Нурсултан», «Сухой лог», «Кимасар», «Пионер-Oi Qaragai», «Бутаковка-Пионер» и «Бутаковка». Их также проложат на БАО, от MedeuEcoPark до Кок Жайлау и от Казачки до Кок Жайлау.

В ущелье Кимасар планируется построить гостиничный комплекс, а в Иле-Алатауском парке – 15 глэмпингов и другие гостиницы и визит-центры.

Само урочище Кок Жайлау вместе с пиком Кумбель по плану должны войти в состав горнолыжного курорта Almaty Superski с трассами общей протяженностью более 65 км.

*https://vlast.kz/*

# МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҮЙЛЕСТІРУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫНДА ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ СУДЫ БӨЛУ МЕН АРАЛ ТЕҢІЗІН САҚТАУ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ



**Қазақстанда Орталық Азияның Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының (МСШҮК) 90-шы отырысы өтті.**

Іс-шараға Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев, Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, Тәжікстан Энергетика және су ресурстары министрінің бірінші орынбасары Джамшед Шоимзода, Түрікменстан Су шаруашылығы мемлекеттік комитетінің төрағасы Дурды Генджиев, Өзбекстан Су шаруашылығы министрі Шавкат Хамраев, сондай-ақ бақылаушы ретінде Қазақстандағы Қырғызстанның Төтенше және өкілетті елшісі Дастан Дюшекеев қатысты.

Тараптар биылғы вегетациялық кезеңде Әмудария және Сырдария өзендері бассейндеріндегі су қоймаларының лимиттері мен жұмыс режимін талқылады.

Сондай-ақ мемлекет басшылары – Аралды құтқару халықаралық қорының құрылтайшылары белгілеген міндеттерді жүзеге асыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстар да сөз болды. Былтыр ұйымға төрағалық ету құқығы Қазақстан Республикасына өткенін еске сала кетейік. Сондай-ақ Орталық Азиядағы су қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне арналған пікірталас өтті. Оған Дүниежүзілік банк, Азия даму банкі, Герман халықаралық ынтымақтастық қоғамы (GIZ) және Швейцарияның даму және ынтымақтастық агенттігі (SDC) сияқты халықаралық ұйымдар мен қаржы институттарының өкілдері қатысты.

«МСШҮК өңір үшін өзекті су мәселелерін талқылайтын маңызды алаңға айналды. Соңғы екі жылда Қазақстанның Орталық Азия елдерімен су ресурстарын басқару саласындағы өзара іс-қимылы айтарлықтай күшейді. Су дипломатиясы жалпы су қауіпсіздігін қамтамасыз етуде негізгі рөл атқарады, сондықтан біз өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтып, өңір алдында тұрған сын-қатерлерге бірге қарсы тұруға ниеттіміз. Соңғы жылдары атқарылған жұмыстар бұл бағыттың дұрыстығын көрсетіп отыр», – деді Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының 91-ші отырысы биыл күзде Түрікменстанда өтеді.

*https://www.gov.kz/*

# ЧЕРЕЗ 27 ЛЕТ КАЗАХСТАН МОЖЕТ ЛИШИТЬСЯ УНИКАЛЬНОГО МЕСТОРОЖДЕНИЯ ВОДЫ «КОКЖИДЕ»

**В Актюбинской области под угрозой находится уникальное подземное месторождение воды «Кокжиде», передает корреспондент агентства Kazinform.** Как сообщил директор фонда «Решимость и единство действий» Александр Мандрыкин, по расчетам института Сатпаева срок эксплуатации месторождения составляет 27 лет. При этом около 30% запасов уже могут перейти в категорию невосполнимых. По словам эксперта на онлайн-дискуссии «Кокжиде — нефть или вода?», регион и без того испытывает дефицит водных ресурсов. Всего 5% транзитных водных потоков остаются в области, а весь баланс держится на трех водохранилищах — Каргалинском, Актюбинском и Саздинском. В случае промышленного изъятия подземных вод есть риск утраты не только «Кокжиде», но и водного баланса региона.

В качестве выхода он предложил предусмотреть внутренние резервы и не менее 35% водопотребления обеспечивать за счет оборотной воды.

Напомним, в апреле 2025 года по поручению Главы государства Министерство водных ресурсов и ирригации начало исследование «Кокжиде». Его запасы оцениваются в 173,4 тыс кубометров в сутки. Для уточнения данных министерство заключило соглашение с испанской компанией о проведении аэромагнитных съемок за счет гранта Королевства Испания.  Кроме того, Казахстанская ассоциация организаций нефтегазового и энергетического комплекса выделила 250 млн тенге на изучение влияния нефтедобычи на подземные воды. Исследования проводит КазНИТУ им. К. Сатпаева, их результаты ожидаются в декабре.

Ранее, в январе 2023 года, сообщалось, что воды «Кокжиде» загрязняются продуктами нефтедобычи. Экологи тогда призывали прекратить добычу углеводородов в его контуре.

*https://www.inform.kz/*

# БОЛЕЕ 6,43 МЛРД КУБОМЕТРОВ ВОДЫ ПОСТУПИЛО В КАЗАХСТАН ИЗ РОССИИ ПО РЕКЕ УРАЛ

**Астана. 5 августа. KAZAKHSTAN TODAY - По данным пограничного гидропоста «Январцево», за первые шесть месяцев текущего года по реке Урал (каз. - Жайык) из России в Казахстан поступило более 6,43 млрд кубометров воды. Об этом сообщили в пресс-службе Министерства водных ресурсов и ирригации РК.**

До 80% стока трансграничной реки Урал формируется на территории России. В Казахстане река впадает в Каспийское море на территории Атырауской области.

«Распределение вод реки регламентировано протоколом о совместном использовании и охране трансграничных водных объектов, координации водохозяйственной деятельности в бассейне реки Жайык от 20 июня 1996 года. В документе помесячно расписаны объемы воды, направляемые российской стороной в Казахстан», - сообщила руководитель управления водного сотрудничества с Китаем и Россией Министерства водных ресурсов и ирригации Нагима Ажигулова.



*https://www.kt.kz/*

# БАЛҚАШҚА ҚҰЯТЫН ӨЗЕН АРНАЛАРЫ ТАЗАРТЫЛЫП ЖАТЫР



Балқаш көліне құятын негізгі өзендердің бірі – Тентек пен Топар өзендерінің арналары жүйелі түрде тазартылып жатыр, деп хабарлайды Alataunews.kz.

Бұл – экожүйені қалпына келтіру мен көлдің деңгейін сақтап қалуға бағытталған маңызды мемлекеттік бастамалардың бірі. Топар ауылдық округінің әкімі Нұрғожаев Қуат Жолтайұлының айтуынша, Іле өзенінен бастау алатын барлық тармақты өзектердің Балқаш көліне құюын қамтамасыз ету – мемлекет тапсырған негізгі міндеттердің бірі. Осы мақсатта өткен жылы Алматы облыстық табиғи ресурстар департаменті мен облыс әкімі Марат Елеусізұлының қолдауымен Тентек және Топар өзендерін тазарту 2025 жылғы жоспарға енгізілген еді. «Өздеріңіз көріп отырғандай, тазалау жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Тентек өзені келесі жылы да тазартылатын болады. Бұл өзеннің жалпы 17,5 шақырымы механикалық тазартудан өтуі керек», — деді әкім.

Қазіргі уақытта өзеннің екі жағы да тазалануда. Тазалау жұмыстарының барысымен танысқан учаске бастығы Битанов Нұрайдар Дәулетбақұлы да техникалық процестің ерекшеліктерімен бөлісті.

«Екі экскаватор мен бір тракторшы, барлығы бес адам жұмыс істеп жатырмыз. Көп жағдайда техникаларымыз батпаққа кіріп кетіп, оларды қайта шығару үшін біраз қиналамыз. Дегенмен күнделікті екі трактор шамамен 300 метр жерді тазартады. Қазіргі уақытта, өзеннің арғы бетінде 5,5 шақырым тазаланып үлгердік. Жұмысты қазан айының соңы мен қараша айының басында толықтай аяқтауды жоспарлап отырмыз», — деді ол.

Мамандардың айтуынша, Тентек пен Топар өзендері Іледен бастау алып, Топар ауылын айналып өтіп, Балатопар өзенімен қосылады. Ал Балатопар өзені тікелей Балқаш көліне құяды. Бұл өзендердің табиғи арналарын қалпына келтіру — өңірдің аграрлық секторына да оң әсер етеді.

«Мұндағы негізгі мақсат – шаруашылық қожалықтарға қолайлы жағдай жасау, мал суғару мүмкіндігін қамтамасыз ету және табиғи флора мен фаунаны сақтау. Сонымен қатар өзектер арқылы Балқаш көліне суды жеткізіп, көлдің құрғап кетуінің алдын алу – басты міндет», — деп атап өтті округ әкімі Қуат Нұрғожаев.

Айта кету керек, көктемде Топар өзенінің 15 шақырымы тазартылған. Қазіргі уақытта 9,5 шақырымнан астам бөлігі механикалық тазалаудан өтті. Жоғарғы жақта Орловский су жүйесіне құятын жерге шлюз орнату жоспарлануда. Бұл — суды басқаруға және өзен арнасының деңгейін бақылауда ұстауға мүмкіндік береді. Жоба аясында облыстық бюджеттен 420 миллион теңге қаржы бөлінген. Бұл қаражат өзендердің арналарын механикалық тазарту, құрылыс техникасын тарту, шлюз орнату секілді кешенді жұмыстарға жұмсалуда.

Табиғат ресурстарын сақтауға бағытталған бұл шаралар Балқаш экожүйесінің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етуге үлес қосады. Су арналарын қалпына келтіру арқылы көлге құятын су көлемін арттыру – тек экологиялық емес, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық мәні бар стратегиялық

*https://www.alataunews.kz/maqala/*

# В ОБЛАСТИ ҰЛЫТАУ СТРОИТСЯ ПИТОМНИК ПЛОЩАДЬЮ 70 ГЕКТАРОВ



В области Ұлытау строится питомник площадью 70 гектаров. Новый проект реализуется для Караагашского лесничества Жанааркинского района с целью подготовки постоянного семенного запаса. Строительство здания питомника ведется в поселке Жанаарка.

Сейчас на объекте выполняются работы по ограждению территории, закладке фундамента, возведению административных и вспомогательных зданий.

На территории разместятся два административных корпуса, два контрольно-пропускных пункта, автостоянка, строительная и механическая мастерская, лаборатория и столовая.

Караагашское лесничество — крупнейшее в области. Оно расположено в селе Ынталы Караагашского сельского округа. Общая площадь лесничества составляет около 22 тысяч гектаров, из которых почти 6 тысяч гектаров заняты лесом, а около 7 тысяч гектаров входят в состав особо охраняемого зоологического заказника.

*https://gurk.kz/news/*

# АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ЭКОБЕЛСЕНДІЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ



**СЕМЕЙ. KAZINFORM — Бүгін өңірдегі экобелсенділер Дамир Айдынұлы мен Кербез Айдарбекқызы облыс әкімі Берік Уәлидің қабылдауында болды, деп хабарлайды Абай облысы әкімдігінің баспасөз қызметі.**

Аймақ басшысы жастардың белсенділігі мен табиғатқа жанашыр көзқарасына ризашылығын білдіріп, өңірде экологиялық бастамаларға әрдайым қолдау көрсетілетінін атап өтті.

— Сіздер өз іс-әрекеттеріңіз арқылы үлкен насихат жасап, елдің санасына ой салдыңыздар. Бұны көшедегі қоқыстарды жинау ғана емес, қоғамға қажетті құндылықтарды дәріптеу деп түсінемін. Сондықтан бұл бастамаларыңыз — жастарға да, үлкендерге де үлгі. Облыс әкімі ретінде сіздердей азаматтарға алғысымды білдіремін. Біз әрдайым осындай белсенді, елге жанашыр адамдарды қолдауға дайынбыз. Сіздерге табыс етілетін бүгінгі кішігірім марапат — еңбектеріңіздің лайықты бағасы. Алдағы уақытта да туған жерімізді таза ұстау жолындағы игі істеріңіз жалғасын табарына сенемін. Бірге атқарған әр іс — берекелі болмақ. Сіздерге ризашылығымды білдіріп, алғыс айтамын! — деді Берік Уәли.

Жүздесу барысында жастармен экологияны сақтау, табиғатты қорғау, экотуризмді дамыту бағытында ұсыныстар айтылып, пікір алмасылды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» бағдарламасы биыл Абай облысында ерекше қарқынмен жүзеге асып келеді. Тазалық шараларына қоғамдық бақылауды күшейту, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, арнайы ескерту тақтайшаларын орнату, заң талаптарына сәйкес айыппұл салу және бейнебақылау камераларының санын арттыру бойынша жұмыстар атқарылуда. 2025 жылдың 5 сәуірінде басталған санитарлық-экологиялық акцияларға 227,3 мың адам, 10 275 ұйым және 4114 бірлік техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 39,3 мың тонна тұрмыстық қалдық шығарылды. Сонымен қатар 132,6 мың аула, 1939 саябақ пен гүлзар, 1193 ескерткіш тазартылып, 57 681 түп ағаш пен көшеттер отырғызылды. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта қарқынды түрде жалғасатын болады.

*https://kaz.inform.kz/*

# ШАХТИНСК ЖАСТАРЫ СУ ҚОЙМАСЫ ЖАҒАЛАУЫН ТАЗАРТТЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясы күні қарсаңында «Жасыл ел» жастар еңбек жасағы Шахтинск қалалық Жастар ресурстық орталығымен бірлесіп, қаладан тыс орналасқан су қоймасы маңында экологиялық акция ұйымдастырды, деп хабарлайды BAQ.KZ. Шара барысында пластик пен шыны қалдықтары бар 50-ден астам қап қоқыс жиналды, жағалаудың 2 шақырымнан астам аумағы тазартылды. Сондай-ақ демалушыларға табиғатты таза ұстаудың маңызы жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.





Акцияға еріктілер, Жастар ресурстық орталығының қызметкерлері, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері және қала тұрғындарын қоса алғанда, 60-тан астам адам атсалысты. Бұл бастама мемлекеттік мерекеге орай өткізілген іс-шаралар топтамасының бір бөлігіне айналып, жастардың экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы және азаматтық белсенділікті арттырудағы маңызды рөлін айқын көрсетті.

*https://baq.kz/shahtinsk*

# В АЛМАТЫ СТАРТОВАЛА «НЕДЕЛЯ ЗЕЛЕНОЙ МОБИЛЬНОСТИ»

Алматы. 17 августа. KAZAKHSTAN TODAY - В Алматы открылась «Неделя зеленой мобильности» - экологическая акция в рамках проекта «Чистый Казахстан». Организаторами выступили компания Yutong, акимат города и генеральное консульство КНР, передает корреспондент агентства. Инициатива направлена на развитие экологически чистого транспорта и формирование у горожан культуры бережного отношения к окружающей среде.

Торжественное открытие прошло на улице Панфилова и сопровождалось интерактивной программой. Жители могли попробовать переработку пластика с помощью «велосипеда-дробилки», пройти мастер-классы по вторичной переработке, познакомиться с VR-технологиями в сфере экологии, а дети - поучаствовать в творческом занятии «Зеленый транспорт».

Выступая с приветственным словом, генеральный консул КНР в Алматы Цзян Вэй отметила общие моменты в развитии двух стран. «Китай и Казахстан - это добрые соседи, хорошие друзья и надежные партнеры, соединенные общими горами и реками. И нас соединяет традиционная дружба и еще схожие концепции в развитии, в том числе и в развитии экологии», - сказала генконсул Китая.




Также перед собравшимися выступили заместитель руководителя управления экологии и окружающей среды города Алматы Мадияр Кожекенов и генеральный директор АО «Yutong Bus» Юрий Ли. В своих обращениях они подчеркнули важность сохранения уникальной природы Алматы, развития зеленого транспорта и международного сотрудничества в сфере экологии.

В течение недели жителей города ждут демонстрации экологичных автобусов, образовательные мастер-классы и активности для всей семьи.

*https://www.kt.kz/*

# ҚОҚЫС ТА ӨНЕРГЕ АЙНАЛАДЫ: ҚАРАҒАНДЫ САЯБАҒЫНДА ПІЛ ПАЙДА БОЛДЫ

Қарағандыда ерекше піл бой көтерді. Әрине, тірі емес, бірақ өте сүйкімді: оны 10 мың сусын қақпағынан, ондаған пластик бөлшектерден, қаңылтыр банкалардан және қолшатыр тұтқаларынан құрастырып жасады. Бұрын бұл қарапайым топиарий мүсін ғана еді, ал қазір ол Орталық саябақта орнатылған нағыз арт-нысанға айналды. Ерекше мүсіннің авторы – саябақтар басқармасының суретшісі Марина Зварыгина.

— Біздің мақсатымыз — әдетте қоқысқа тасталатын заттардан да әдемі нәрсе жасауға болатынын дәлелдеу. Ең бастысы — әр заттың бойынан қоқысты емес, жаңа мүмкіндікті көре білу, — дейді ол.



Піл мүсіні қоршаған ортаға қамқорлық ең қарапайым қадамдардан басталатынын еске салады.

*/Қарағанды қаласы әкімдігінің ақпараты бойынша/*

# ПЛАТНЫЙ ВЪЕЗД И ПЕРЕХОД НА ЭКОТРАНСПОРТ: ПРОЕКТ ПРАВИЛ ОХРАНЫ АТМОСФЕРНОГО ВОЗДУХА РАЗРАБОТАЛИ В АЛМАТЫ



Алматы. 19 августа. KAZAKHSTAN TODAY - В Алматы представили проект новых правил охраны атмосферного воздуха, разработанный в соответствии со статьей 206 Экологического кодекса Республики Казахстан, сообщает управление экологии и окружающей среды города.

В ведомстве уточнили, что проект разрабатывался в открытом доступе рабочей группой с участием представителей общественности, научных сообществ, профильных ассоциаций, экспертного сообщества, бизнеса, территориальных подразделений центральных государственных органов.

«Документ направлен на улучшение экологической обстановки в городе, системное снижение уровня загрязнения и защиту здоровья горожан. По данным экологического мониторинга, Алматы стабильно входит в число наиболее загрязненных городов мира. В 2024 году завершены расчеты сводного тома предельно допустимых выбросов по Алматинской агломерации, впервые с учетом ранее не охваченных источников - частного сектора, бань и въезжающего транспорта. Реальная экологическая нагрузка в Алматинской агломерации составила более 225 тыс. тонн загрязняющих веществ в год, а объем валового выброса в Алматы составила 189 тыс. тонн в год, из которых 60%, или 112 тыс. тонн, приходится на автотранспорт. При этом выбросы загрязняющих веществ от автомобилей эко-класса ЕВРО 0 составляют 84% от общего объема выбросов автотранспортных средств, или 94,6 тыс. тонн в год», - сообщили в управлении.

Проект предусматривает комплекс мер, среди которых создание зон с низким уровнем выбросов (Low Emission Zones, LEZ), где эксплуатация автомобилей низких экологических классов ограничена и будет платной, усиление требований к коммунальным и частным автопаркам, а также к стационарным источникам выбросов. Дополнительно предусматривается расширение системы экологического мониторинга с использованием современных технологий, включая датчики и беспилотные летательные аппараты, а также ужесточение контроля за качеством топлива.

«Внедрение зон LEZ будет поэтапным и начнется в пилотном режиме на отдельных центральных магистралях. На первых этапах, ориентировочно в октябре текущего года, проект будет работать без взимания платы с автовладельцев для тестирования и анализа транспортных потоков и состава автопарка «базового года». В перспективе для автомобилей классов Евро-0-4 въезд станет платным, тогда как электромобили, транспорт на водородных двигателях, а также автомобили классов Евро-5 и Евро-6 будут освобождены от оплаты. Для жителей, постоянно проживающих в пределах зоны, предусмотрены льготы: ежемесячный абонемент по сниженной стоимости при условии регистрации в информационной системе «Чистый город» и прохождения положительного техосмотра. Средства, получаемые от платного въезда, будут направляться на реализацию экологических инициатив, развитие общественного транспорта и меры поддержки населения. Одним из таких механизмов станет программа поэтапного выкупа старых автомобилей низких экологических классов у горожан, что позволит смягчить социальные последствия введения ограничений и ускорить обновление автопарка», - пояснили в ведомстве.

В управлении считают, что реализация новых правил обеспечит системное снижение уровня загрязнения воздуха, повысит экологическую ответственность перевозчиков и предприятий малого и среднего бизнеса, а также улучшит качество жизни алматинцев. В настоящее время проект правил проходит процедуру публичных обсуждений.

*https://www.kt.kz/rus/ecology/*



# СЕРЕБРЯНСК ҚАЛАСЫНДА «БОЛАШАҚҚА АРНАЛҒАН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕР: ЭНЕРГИЯ, ЖЫЛУ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ» АТТЫ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ

Серебрянск қаласында «Болашаққа арналған экологиялық шешімдер: энергия, жылу және табиғат» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға белсенді жастар, қоршаған ортаны қорғау саласының мамандары, мемлекеттік мекеме өкілдері және өңірдің экологиялық тұрақты дамуына бейжай қарамайтын азаматтар қатысты.

Кездесудің бастамашысы және ұйымдастырушысы – Алтай ауданының «Жастар ресурстық орталығы» КММ. Негізгі қатысушылар қатарында «Өскемен орман шаруашылығы» КММ, «Кіші Үлбі» орманшылығының өкілдері,

сондай-ақ, Алтай ауданы Жастар ресурстық орталығының әдіскері – Құттыбаева Маржан Ержанқызы болды.

Іс-шараның басты мақсаты – экологиялық білімді ілгерілету және табиғатқа жауапты көзқарасты қалыптастыру. Қатысушылар энергия мен жылуды ұтымды пайдалану, табиғи ресурстарды тиімді басқару, биологиялық алуан түрлілікті сақтау және қоршаған ортаға теріс әсерді азайту мәселелерін талқылады.

*https://massaget.kz/news/ser*

Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Информационно-аналитический центр охраны окружающей среды» Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан (далее – Услугодатель) оказывает государственную услугу «Предоставление экологической информации» (Государственная услуга) физическим и юридическим лицам с целью обеспечения населения достоверной информацией о состоянии окружающей среды и ее объектов.

На основании «Правил оказания государственных услуг в области охраны окружающей среды», утвержденных Приказом министра экологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 02 июня 2020 года № 130 (Правила), порядок предоставления государственной услуги оказывается с момента подачи документов через веб-портал «Электронное правительство» www.egov.kz в течение 1 (одного) рабочего дня.

Режим работы веб-портала «Электронное правительство» осуществляется круглосуточно, за исключением технических перерывов, связанных с проведением ремонтных работ (при обращении услугополучателя после окончания рабочего времени, в выходные и праздничные дни, согласно Трудовому кодексу Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года, прием заявлений и выдача результатов оказания государственной услуги осуществляются в течение следующего рабочего дня).

Государственная услуга предоставляется на бесплатной основе. В заявлении необходимо указать наименование и реестровый номер запрашиваемого документа.

Информация о предоставлении государственной услуги размещена на сайте Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан в разделе «Услуги» (www.ecogeo.gov.kz) и на сайте РГП «ИАЦ ООС» в разделе «Государственная услуга» (https://iacoos.kz/).

На сайте http://ecogosfond.kz можно также ознакомиться с базой данных и реестрами Государственного фонда экологической информации.

**Телефоны для справок: 8(7172) 24-80-64, 24-82-81, 24-96-18.**

## ОБУЧАЮЩИЕ СЕМИНАРЫ ПО ВОПРОСАМ ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ И ПРИРОДОПОЛЬЗОВАНИЯ

РГП на ПХВ «Информационно-аналитический центр охраны окружающей среды» Министерства экологии и природных ресурсов РК на регулярной основе осуществляет организацию и проведение краткосрочных обучающих семинаров по вопросам экологии и охраны окружающей среды.

Семинары охватывают такие секторы экономики, как энергетический, горнодобывающий, агропромышленный, сельскохозяйственный. В состав лекторов входят руководители комитетов и департаментов Министерства экологии и природных ресурсов, а также независимые эксперты.

В состав лекторов входят руководители комитетов и департаментов Министерства экологии и природных ресурсов, а также независимые эксперты.

Слушателями семинаров являются природопользователи, представители неправительственных организаций, преподаватели высших учебных заведений.

**В период с 13-15 августа т.г. в онлайн-формате проведены семинары на темы: «Система экологического контроля и управления: ключевые элементы и практическое применение», «Экологический кодекс и его правоприменение».**

Для участия в семинарах необходимо заполнить электронную регистрационную форму по ссылке **https://forms.gle/gDtmSV3gRPStrt7y9.**

По всем вопросам обращаться: **8(7172) 24-88-92, +7 700 980 35 26, +7 705 905 70 15**; электронный адрес: **it.iacoos@mail.ru**

## ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ОҚУ СЕМИНАРЛАРЫ

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК тұрақты негізде экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша қысқа мерзімді оқыту семинарларын ұйымдастырады және өткізеді. Семинарлар экономиканың энергетика, тау-кен өнеркәсібі, агроөнеркәсіп, ауыл шаруашылығы сияқты салаларын қамтиды. Лекторлар құрамында Экология және табиғи ресурстар министрлігінің комитеттері мен департаменттерінің басшылары, тәуелсіз сарапшылар бар. Семинарларға табиғат пайдаланушылар, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ жоғары оқу орындарының оқытушылары қатыса алады.

**Ағымдағы жылдың 13-15 тамыз аралығында «Экологиялық бақылау және басқару жүйесі: негізгі элементтері және практикалық қолданылуы», «Экологиялық кодекс және оның орындалуын қамтамасыз ету» тақырыбында семинар өтті.**

Семинарларға қатысу үшін https://**forms.gle/gDtmSV3gRPStrt7y9** сілтемесі бойынша электронды тіркеу формасын толтыру қажет. Барлық сұрақтар бойынша: **8(7172) 24-88-92, +7 700 980 35 26, +7 705 905 70 15** электрондық пошта: **it.iacoos@mail.ru.**

## НАЦИОНАЛЬНЫЙ ДОКЛАД О СОСТОЯНИИ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ И ИСПОЛЬЗОВАНИИ ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ЗА 2024 ГОД

Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан **продолжает работу по формированию** Национального доклада о состоянии окружающей среды и использования природных ресурсов Республики Казахстан за 2024 год (Национальный доклад).

Национальный доклад разрабатывается ежегодно в соответствии с п.1 ст.23 Экологического кодекса РК от 02.01.2021 г. в целях обеспечения государственных органов, общественных, других заинтересованных организаций и населения республики объективной и систематизированной информацией о качестве окружающей среды, ее экологическом состоянии и тенденциях изменения под воздействием антропогенной нагрузки и природных факторов. Содержащиеся в Национальном докладе сведения основываются на официальных материалах, предоставляемых центральными государственными и местными исполнительными органами власти, неправительственными и международными организациями. Электронные версии Национального доклада за предыдущие годы на государственном и русском языках опубликованы на официальном сайте МЭПР РК https://ecogeo.gov.kz/ru и Едином экологическом Интернет-ресурсе https://ecogosfond.kz.

С бумажными версиями Национального доклада можно ознакомиться в Государственном фонде экологической информации. Получить электронную версию возможно в рамках государственной услуги «Предоставление экологической информации» через веб-портал «Электронное правительство» www.egov.kz в течение 1 (одного) рабочего дня.

## 2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ ҰЛТТЫҚ БАЯНДАМА

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі қоршаған ортаның жай-күйі және Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын пайдалану туралы 2024 жылға арналған Ұлттық баяндаманы **қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыруда.**

Ұлттық баяндама жыл сайын ҚР 02.01.2021 ж. Экологиялық Кодексінің 23-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік органдарды, қоғамдық, басқа да мүдделі ұйымдарды және республика халқын қоршаған ортаның сапасы, оның экологиялық жай-күйі және антропогендік жүктеме мен табиғи факторлардың әсерінен өзгеру үрдістері туралы объективті және жүйеленген ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында әзірленеді. Ұлттық баяндамада қамтылған мәліметтер орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы билік органдары, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдар ұсынатын ресми материалдарға негізделеді. Өткен жылдардағы Ұлттық баяндаманың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі электронды нұсқалары ҚР ЭГТРМ https://ecogeo.gov.kz/ru ресми сайтында және https://ecogosfond.kz Бірыңғай экологиялық интернет-ресурсында жарияланған.

Ұлттық баяндаманың қағаз нұсқасымен Мемлекеттік экологиялық ақпарат қорында, сондай-ақ электрондық нұсқасымен «Экологиялық ақпарат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет шеңберінде www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы 1 (бір) жұмыс күні ішінде танысуға болады.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ГАЗЕТІ • РЕСПУБЛИКАНСКАЯ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННАЯ ГАЗЕТА

ҚАЗАҚСТАН ЭКОЛОГИЯСЫ
ЭКОЛОГИЯ КАЗАХСТАНА

WWW.IACOOS.KZ - WWW.ECOGOSFOND.KZ

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ – ТАЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ
ИНФОРМАЦИОННО-АНАЛИТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ

Республиканская специализированная некоммерческая газета «ҚАЗАҚСТАН экологиясы»

**Собственник:** РГП на ПХВ «Информационно-аналитический центр охраны окружающей среды» МЭПР РК. Поставлено на учет Комитетом информации и архивов Министерства культуры и информатизации РК.

Свидетельство о постановке на учет **СМИ № 6381-Г от 10.10.2005г.**

Адрес редакции:
**010000, г. Астана,
ул. Мәңгілік Ел, д.11/1, 7 этаж,
тел.: (7172) 24-94-11,
e-mail: nd-19@mail.ru**

Редакционная группа «КЭ»:
**Ж.Мурзабекова, Д. Искакова, Р.Садыкова.**

Издается 1 раз в квартал. Публикуется на Едином экологическом интернет-ресурсе МЭПР РК ecogosfond.kz

**Отпечатано:** ТОО «МИРАС ИНФО», г.Алматы, ул. Кастеева, 106 В.

Ответственность за содержание рекламных материалов несет рекламодатель.